

Геологиялық-барлау, топографиялық-геодезиялық және іздестіру жұмыстарымен шұғылданатын қызметкерлерге дала жұмысы үшін ақы төлеудің мөлшері туралы

Күшін жойған

Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің қаулысы 1991 жылғы қарашаның 5-і N 674. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 шілдедегі N 1097 Қаулысымен.

***Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.07.18. N 1097
Қ а у л ы с ы м е н .***

Қазақ КСР Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

Геологиялық-барлау, топографиялық-геодезиялық және іздестіру жұмыстарымен шұғылданатын қызметкерлерге дала жұмысы үшін ақы төлеу туралы Қазақ КСР Еңбек министрлігі енгізген Қазақ КСР Қаржы министрлігімен келісілген ереже бекітілсін.

Қазақ КСР Премьер-министрі

Қазақ КСР Министрлер Кабинеті
1991 жылғы қарашаның 5-інде
N 674 қаулысымен

БЕКІТІЛГЕН

Геологиялық-барлау, топографиялық-геодезиялық және іздестіру жұмыстарымен шұғылданатын қызметкерлерге дала жұмысы үшін ақы төлеу туралы
ЕРЕЖЕ

1. Дала жұмысы үшін ақы көтеріңкі шығындардың өтемі мақсатында:

Қызметкерлеріне дала жұмысы үшін ақы төленетін дала ұйымдарының тізімін жоғары тұрған ұйымдар жыл сайын, жылдық жұмыс жоспарларын бекітумен бір мезгілде бекітеді.

Тізім тиісті кәсіподақ комитетінің келісумен бекітіледі. Геологиялық-барлау, топографиялық-геодезиялық және іздестіру ұйымдарының (кәсіпорындардың) тізімге енгізілмеген, бірақ дала жұмыстарын орындайтын қызметкерлеріне дала жұмысы үшін ақы осы Ережеде көзделген тәртіппен төленеді.

Ескерту. 4-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.04.16. N 434
қаулысымен. P 0 2 0 4 3 4 _

2. Дала жұмысы үшін ақы осы Ереженің 1-тармағында көзделген жұмыстар атқарылған барлық календарлық күнге төленеді және олар штатында тұратын ұйымның бұйрығымен ресімделеді.

3. Дала жұмысы үшін ақы мынадай мөлшерде төленеді:

- тікелей даладағы жұмыс учаскелерінде геологиялық-барлау, топографиялық-геодезиялық және іздестіру жұмысымен шұғылданатын қызметкерлерге тәуліктік командировка шығындарын өтеу нормасының 100 проценті мөлшерінде;

- даладағы экспедициялардың базаларында істейтін қызметкерлерге тәуліктік командировка шығындары нормасының 50 проценті мөлшерінде.

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚРМК-нің 1994.05.23. N 555 қаулысымен.

4. Салық салынуға жатпайтын далалық жабдықтылым ақшасының мөлшері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес анықталады.

ЕСКЕРТУ. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2002.04.17. N 443 қаулысымен. Р 0 2 0 4 4 3 _

5. Қызметкерлерге дала жұмысы үшін ақы:

а) уақытша жұмысқа жарамсыздығы кезеңінде;

б) әйелдер жүкті болуына және босануына байланысты демалыста жүрген уақытында;

в) мемлекеттік және қоғамдық міндеттерді орындау кезінде сақталады.

Аталған жағдайларда дала жұмысы үшін ақы қызметкерлер дала жұмыстары атқарылған және даладағы ұйымдар орналасқан жерлерде болған жағдайда төленеді.

6. Қызметкерлер жыл сайынғы демалыста жүрген және санаторий мен курортта емделген уақытында дала жұмысы үшін ақы төленбейді.

7. Қызметкерлер даладағы ұйымнан командировкаға кеткен жағдайда оған дала жұмысы үшін ақы төлеу тоқтатылады, ал командировкаға байланысты шығындар заңдарға сәйкес өтеледі.

ЕСКЕРТУ. 7-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.04.17. N 443 қаулысымен. Р 0 2 0 4 4 3 _

8. ЕСКЕРТУ. 8-тармақ алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2002.04.17. N 443 қаулысымен. Р 0 2 0 4 4 3 _